



Ұлытау облысының аумағында жануарлар асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу туралы

Ұлытау облыстық мәслихатының 2025 жылғы 21 сәуірдегі № 25/246 шешімі. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 23 сәуірде № 193-20 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-4 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ұлытау облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Ұлытау облысының аумағында жануарлар асыраудың санитариялық аймақтарының шекаралары белгіленсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлытау облыстық мәслихатының төрағасы

Б. Шингисов

Ұлытау облыстық
мәслихатының
2025 жылғы 21
сәуірдегі
№ 25/246
шешіміне қосымша

Ұлытау облысының аумағында жануарлар асыраудың санитариялық аймақтарының шекаралары

1. Жезқазған қаласы бойынша:

I аймақ:

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 15, 16, 20, 21, 22, 23, 25, 26, 27, 30, 31, 32, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 74, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 91, 92, 93, 94, 95 орамдары, 7, 8 шағын аудандары, Бөгенбай батыр шағын ауданы (бұрынғы Пристанционный), Бекболатсай шағын ауданы, Қостанкелді шағын ауданы, Кенесары-хан шағын ауданы, Батыс тұрғын ауданы.

II аймақ:

Қабанбай батыр шағын ауданы (бұрынғы Геологический), Аварийный кенті, 1-ауыл, 2-ауыл, 3-ауыл.

III аймақ:

"Спутник" тұтынушылар кооперативі, "Автомобилист" тұтынушылар кооперативі, "Здравница" тұтынушылар кооперативі, "Энергетик" тұтынушылар кооперативі, "Водник" тұтынушылар кооперативі, "Дачник" тұтынушылар кооперативі.

IV аймақ:

Қаланың оңтүстік-шығыс шекарасынан Талап ауылы жаққа және қаланың оңтүстік-батыс шекарасынан Жезді өзені жаққа.

2. Сәтбаев қаласы бойынша:

I аймақ:

1, 2, 3, 4, 5, 7 шағын аудандары, "Нұрлы Мекен" шағын ауданы, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15а, 15в, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 57, 58 орамдары.

II аймақ:

Құсайынов және Ерден көшелерінің қиылысынан Қалмағанбетов және Ерден көшелерінің қиылысына дейін (оң жағы).

III аймақ:

"Байқоңыс" шағын ауданы, 57, 58, 66, 67, 72, 73, 74 орамдары.

IV аймақ:

Бокин көшесінен саяжай учаскелеріне дейін, Әбдіров және Ерден көшелерінің қиылысынан Сәтбаев ауылы жаққа.

3. Қаражал қаласы бойынша:

I аймақ:

Абай, Битабар, Дүкенов, Мақатаев, Рысқұлбеков көшелері, 24 орам.

II аймақ:

Құрылысшылар шағын ауданы.

III аймақ:

Станционный шағын ауданы, Степная көшесі.

IV аймақ:

Ақтай шағын ауданының аймағы.

3.1. Жайрем кенті бойынша:

I аймақ:

Дәулетбаев, Молдағұлова, Шынтуринов көшелері.

II аймақ:

Молдағұлова көшесінен Заводской көшесіне дейін және Metallург көшесінен Луговая көшесіне дейін.

III аймақ:

Достық, Игілік, Ынтымақ аудандары.

IV аймақ:

Кен-барлау экспедициясының аймағы.

4. Ұлытау ауданы бойынша:

I аймақ:

Көктөбе, Тәуелсіздіктің 20-жылдығы, Жамбыл 16А, Нұртазинов көшелері, Қалмағамбетов 71, 72, 73, 74 көшесі.

II аймақ:

Ұлытау ауылдық округі: Абай, Асатов, Бұлқышев, Иманов, Иманжанов, Жамбыл, Қалмағамбетов, Сельхозтехник көшелері.

5. Жаңаарқа ауданы бойынша:

I аймақ:

Жаңа Нұр шағын ауданы, Сарыарқа және Дүйсенов орамдары.

II аймақ:

Жаңаарқа кенті: Сарысу, Абжанов, Уалиханов, Ахметжанов, Байдалы би, Сейдімбек, Трутсько, Қараағаш, Сары-тоқа, Оспанова, Жамбыл, Абай, Садуақасов, Бірлік, Тұтқабек, Достық, Ералиев, Майлин, Асанов, Абжанов, Бейбітшілік, Әбдіров, Орманбаев, Байғозы батыр, Нияз батыр, Дәулетбеков, Күжікенов, Бала бақсы, Бекбосынов, Мұхаметжан, Телғозыұлы, Саябақ, Байбосынов, Пушкин, Атасу, Садықбеков, Аралбай батыр, Смайлов көшелері, Тәуелсіздік, Сейфуллин даңғылдары, Нұрбай батыр шағын ауданы, Күшікбай батыр шағын ауданы, Жұмабек шағын ауданы, Байшолақ шағын ауданы, I-Ертіс ауданы.

6. Белгіленген Ұлытау облысының аумағында жануарлар асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын бұзу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.